

Алынды: 21 желтоқсан 2022 / Қабылданды: 18 қаңтар 2023 / Онлайн жарияланды: 15 наурыз 2023 ж.
 УДК 617.7-007.681:614.2(574.13)
 DOI 10.53511/PHARMKAZ.2023.18.99.027

М.К.Таушанова¹, Л.С.Ермуханова¹, В.Ю.Байсугурова², С.Т.Тажбенова¹,
 И.Т.Абдикадинова¹, Н.У.Алекенова¹, К.Б. Турдалина¹, М.Б. Петухова³

¹ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

² «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Алматы қ., Қазақстан Республикасы

³ «№ 3 қалалық емхана» ШЖҚ МКК, Амбулаторлық офтальмология және көз микрохирургия орталығы, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ГЛАУКОМАНЫҢ ТАРАЛУЫ

Түйін: Бұл мақалада глаукоманың Ақтөбе облысы мен қаласы арасында таралуы, біріншілік және жалпы аурушаңдық көрсеткіштері, аурушаңдық трендтері, медициналық алғашқы санитарлық көмек деңгейінде осы патология бойынша динамикалық бақылауда тұрған науқастар саны, ерлер мен әйелдер арасында таралуына зерттеу жүргізілді. Глаукоманың таралуы азиялық және афроамерикалық нәсілдерде көбірек кездеседі. Біздің еліміз азиялық нәсілге жататындықтан, біз Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласында осы патологияның таралуын зерттеуді жөн көрдік. Өйткені аталған облыста аурушаңдықтың тұрғындар арасында таралуы жөнінде ғылыми деректер жоқ. ҚР тұрғындары арасында глаукоманың аурушаңдығын зерделеу, оны бағалау критерийлерін және оның деңгейін айқындайтын факторларды анықтау практикалық денсаулық сақтау үшін өзекті мәселелер болып табылады.

Түйінді сөздер: глаукома, біріншілік аурушаңдық, жалпы аурушаңдық, скрининг, соқырлық, динамикалық бақылау, біріншілік ашық бұрышты глаукома, біріншілік жабық бұрышты глаукома

М.К.Таушанова¹, Л.С.Ермуханова¹, В.Ю.Байсугурова²,
 С.Т.Тажбенова¹, И.Т.Абдикадинова¹, Н.У. Алекенова¹,
 К.Б. Турдалина¹, М.Б. Петухова³

¹ НАО "Западно-Казхастанский медицинский университет имени Марата Оспанова"

г. Ақтөбе, Республика Казахстан

² НАО "Казхастский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова"

г. Алматы, Республика Казахстан

³ ГКП на ПХВ "Городская поликлиника № 3",

Центр амбулаторной офтальмологии и микрохирургии глаза,
 г. Ақтөбе, Республика Казахстан

ДИНАМИКА ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ ГЛАУКОМОЙ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ И ГОРОДА АКТӨБЕ

Резюме: В данной статье изучены сведения о распространённости глаукомы по Актюбинской области, показатели первичной и общей заболеваемости, динамика заболеваемости, количество больных, находящихся на динамическом наблюдении по

M.K.Taushanova¹, L.S.Ermukhanova¹, V.Yu.Baysugurova²,
 S.T.Tazhbenova¹, I.T.Abdikadirova¹, N.U. Alekenova¹,
 K.B. Turdalina¹, M.B. Petukhova³

¹ NAO "West-Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov" Aktobe, Republic of Kazakhstan

² NAO "S. D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University",
 Almaty, Republic of Kazakhstan

³ State Enterprise on PCV "City Polyclinic No.3",
 Centre of Outpatient Ophthalmology and Eye Microsurgery,
 Aktobe, Republic of Kazakhstan

DYNAMICS OF GLAUCOMA MORBIDITY IN AKTOBE OBLAST AND AKTOBE CITY

Resume: This article studied information about the prevalence of glaucoma in the Aktobe region and the city, indicators of primary and general morbidity, dynamics of morbidity, the number of patients under dynamic observation for this pathology at the level of primary health care, the prevalence of glaucoma among men and women. Prevalence glaucoma is more common in Asian and African Amer-

данной патологии в на уровне первичной медико-санитарной помощи, распространенность среди мужчин и женщин. Распространенность глаукомы чаще встречается у азиатских и афроамериканских рас. По изученным литературным источникам также выявлено отсутствие четких критериев оценки глаукомы, а также факторов, определяющих ее уровень в Актюбинской области, которые на сегодня являются актуальными и значимыми для практического здравоохранения.

Ключевые слова: глаукома, первичная заболеваемость, общая заболеваемость, скрининг, слепота, динамическое наблюдение, первичная открытоугольная глаукома, первичная закрытоугольная глаукома

Кіріспе. Соқырлықтың дамуына қауіп төндіретін көз ауруларының алдын алу және емдеу - дүниежүзілік жаһандану дәуірінде қазіргі қоғамның алдында тұрған маңызды медициналық және әлеуметтік мәселелердің бірі болып табылады. Бұл адамның қоршаған әлемді тануындағы көрудің ерекше рөліне ғана емес, сонымен бірге жердегі көру қабілеті мен соқырлықтың айтарлықтай жоғары таралуына байланысты. Соқырлықпен күресу және көз ауруларының салдарынан жұмыс қабілеттілігінің төмендеуін болдырмау экономикалық, әлеуметтік және мемлекеттік маңызы бар мәселе ретінде қарастырылуы тиіс [1].

Глаукома - бүкіл дүниежүзінде қайтымсыз соқырлықтың негізгі себебі болып табылады. 40 пен 80 жас аралығындағы тұрғындар арасында глаукоманың жаһандық таралуы - 3,5% деп бағаланып отыр. Офтальмологтар тұрғындардың саны мен үлесінің өсуімен байланысты 2040 жылы 111,8 миллион адам глаукомадан зардап шегеді деп болжау жасауда [2].

Глаукомамен ауыратын науқастарға медициналық көмекті тиімді ұйымдастыру - оның таралуы туралы ақпаратқа негізделген. Бірқатар авторлардың пікірінше, халықтың аурушандық көрсеткіштері алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділік деңгейіне тікелей байланысты, ол өз кезегінде халықтың дәрігерлермен қамтамасыз етілуімен анықталады [3-9]. Глаукома көбінесе соқырлыққа әкелетін кең таралған ауру ретінде бүкіл әлемдегі офтальмологтардың назарын аударады. Әкінішке орай, қазіргі уақытта дәрі-дәрмек, лазерлік және хирургиялық емдеу әдістері визуалды функциялардың бұзылуына әсер ете алмайды. Бұл аурудың алдын алу, ерте диагностикалау және емдеу шаралары жүйелі сипатта болатын жоғары дамыған елдерде ғана глаукома нәтижесінде көру қабілетінің жоғалу жиілігінің төмендеуі туралы айтуға болады. Глаукомамен күресу үшін мемлекеттік деңгейде шешуші шаралар қабылдауға, осы патологияның эпидемиологиясы, таралуы және әлеуметтік - экономикалық салдары туралы толық ақпарат себеп болуы мүмкін.

Аурудың таралуы мен клиникалық ағымы туралы жарияланған мәліметтер бүкіл әлем мамандарын глау-

ican races. Since our country belongs to the Asian race, we decided to study the prevalence of this pathology in the Aktobe region and the city of Aktobe. Since in this area there are no scientific data on the prevalence of morbidity among the population. The study of the incidence of glaucoma among the population of the Republic of Kazakhstan, the definition of criteria for its assessment and factors that determine its level, are topical issues for practical healthcare

Key words: glaucoma, primary morbidity, general morbidity, screening, blindness, dynamic observation, primary open-angle glaucoma, primary closed-angle glaucoma

команы ЖИТС (34 миллион АИТВ жұқтырған), туберкулез, қант диабеті және жүйелі жұқпалы аурулармен қатар алға қойылған мәселе ретінде қарастыруға мәжбүр етеді [10-13].

Глаукоманың таралуы мен жиілігі бір елдің әртүрлі аймақтарында бірдей емес. Ауруды анықтау және ерте диагностикалау үшін стандартты жағдайлар жасалса да, бұл көрсеткіштер географиялық, климаттық, әлеуметтік факторларға, жасына, жынысына, нәсіліне және т. б. байланысты болады.

ҚР тұрғындары арасында глаукоманың аурушандығын зерделеу, оны бағалау критерийлерін және оның деңгейін айқындайтын факторларды анықтау практикалық денсаулық сақтау үшін өзекті мәселелер болып табылады.

Глаукома деңгейінің өзгеру тенденцияларының нақты көрінісі осы процестің одан әрі дамуын болжауға және сәйкесінше офтальмологиялық қызметті өсіп келе жатқан қажеттіліктерге сәйкес келтіруге бағытталған ұйымдастырушылық шараларды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, глаукоманың таралуы Жапония, Үндістан, Сингапур және Оңтүстік Корея сияқты Азияның бірқатар елдерінде өте жоғары, бұл көрсеткіш 0,5% - дан 3,6% - ға дейін өзгеріп отырады [14].

С.Е. Исламованың деректері бойынша Қазақстан Республикасында глаукомамен аурушандық көрсеткіші соңғы 10 жылда 25% - ға өсті. Соңғы онжылдықта глаукомадан болатын мүгедектік көрсеткіші 3,7 есеге өсіп, бесінші орыннан екінші орынға көтерілді [15].

2014 жылдан бері Қазақстандағы соқыр адамдардың 37,8 % ішінде глаукома көру қабілеті бұзылуының себептерінің бірі болып табылады. Әрбір бесінші мүгедек (21,6%) – еңбекке қабілетті жастағы адам. Сонымен қатар, глаукомамен ауыратын науқастардың үштен бірі көру қабілетінің толық немесе жартылай толық жоғалуына байланысты бірінші топтағы мүгедек деп танылады [16].

«Саламатты Қазақстан» және «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асырылуы глаукомадан соқырлық пен мүгедектікті азайтуда үлкен шешуші рөл атқарғанын айта кеткен жөн. Аталған әлеумет-

тік маңызы бар офтальмопатологиямен күресудің заманауи ұйымдастырушылық нысандарының бірі - скринингтік тексерулер жүргізу болып табылады, ол 40 жастан асқан тұрғындарда глаукоманы ерте анықтауды қамтамасыз етуі тиіс [17].

Қазақстанда глаукоманың таралуы бойынша жүргізілген алғашқы зерттеу 2019 жылы болды. Еліміздің тұрғындары арасында алынған нәтижелер глаукома таралуының артуы тұрғындардың жас көрсеткіштерінің ұлғаюына тікелей пропорционалды екенін растайды. Глаукоманың салыстырмалы түрде жоғары таралуын ескере отырып, популяцияда, әсіресе тұқым қуалайтын бейімділік, жүйелік гипертензияның болуы және көзішілік қысымның жоғарылауы сияқты қауіп факторлары бар науқастарда ауруды уақтылы диагностикалау үшін скринингтік бағдарламаны жетілдіру қажет [18]. Бүгінгі таңда қолжетімді отандық және шетелдік әдебиеттерде Орталық Азия халқы арасында, оның ішінде Қазақстанда глаукоманың таралуы туралы ғылыми мақалалар жоқтың қасы. Осыған байланысты осы мақаламыздың мақсаты Қазақстан Республикасындағы халық арасында глаукоманың аурушаңдығын бағалау болды.

Глаукоманың таралуы азиялық және афроамерикалық нәсілдерде көбірек кездеседі. Біздің еліміз азиялық нәсілге жататындықтан, біз Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласында осы патологияның таралуын зерттеуді жөн көрдік. Өйткені аталған облыста аурушаңдықтың тұрғындар арасында таралуы жөнінде ғылыми деректер жоқ.

Зерттеу мақсаты. 2015-2020 жж. аралығындағы Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы тұрғындары арасында глаукома аурушаңдығының динамикасын зерттеу.

Зерттеу материалы мен әдістері. Ақтөбе облысының және қаласының 2015-2020 жылдар аралығындағы тұрғындар арасында глаукомамен біріншілік аурушаңдық, жалпы аурушаңдық, жыныс ерекшеліктері бойынша ерлер және әйелдер арасындағы біріншілік және жалпы аурушаңдық, МСАК деңгейінде динамикалық бақылауда тұрған науқастар санына ретроспективті талдау жүргізілді.

Бұл зерттеуді «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Жергілікті биоэтикалық комиссиясының 19.11.2021 жылғы № 9 хаттамамен мақұлданды. Бастапқы хаттамаға түзетулер болған жоқ.

Мәліметтер ҚР ДСМ «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Ақтөбе облыстық филиалындағы 2015-2020 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы статистикалық жинақтарынан № 1-9/ 1194 «21» шілде 2021 жылғы хаты бойынша алынды.

Зерттеуде ретроспективті, ақпараттық-аналитикалық, статистикалық әдістер (орта және салыстырмалы шамаларды есептеу, динамикалық қатар құру) қолданыл-

ды. Зерттеу барысында алынған көрсеткіш параметрлері MS Excel форматында электрондық кестеге енгізілді. Мәліметтерді статистикалық өңдеу Statistica 14 бағдарламасы арқылы жүргізілді. Біріншілік және жалпы аурушаңдықты зерттеу үшін аурушаңдық тренді жасалды.

Зерттеу объектісі: алғаш рет немесе бұрын белгілі болған «глаукома» (Н 40.1 – біріншілік ашық бұрышты глаукома, Н 40.2 – біріншілік жабық бұрышты глаукома, Н 40.8– басқа глаукома, Н 40.9 – анықталмаған глаукома) диагнозы қойылған Ақтөбе облысы мен қаласының тұрғындары болды.

Зерттеу нәтижелері. Емдеу-профилактикалық мекемелерге медициналық көмекке жүгіну бойынша халықтың аурушаңдығын зерттеу жедел аурулар мен созылмалы ауруларды өршу сатысында анықтауға мүмкіндік беретін жетекші әдіс болып табылады. Сонымен қатар, осы жылы анықталған жаңа аурулардың жиынтығы болып табылатын біріншілік аурушаңдықты талдауға маңызды рөл беріледі.

2015 жылы Ақтөбе облысының барлық тұрғындары арасында глаукомамен біріншілік аурушаңдық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 72,8, ал 2020 жылы 144,6 – ы құрады, 6 жыл ішінде аурушаңдық өсімі 24,4 % -ды құрады, (сурет 1).

Ақтөбе облысының аудандары арасында 100 мың тұрғынға шаққанда глаукоманың біріншілік аурушаңдығы Әйтеке би, Мұғалжар, Темір және Алға аудандарында жоғары, ал Байғанин, Хромтау, Ырғыз аудандарында көрсеткіш төмен болып отыр (кесте 1).

Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласының ересек тұрғындарының біріншілік аурушаңдығы республикалық орташа көрсеткіштен 2 есе аса жоғары деңгейде.

Сондай ақ, Ақтөбе қаласы тұрғындары арасында глаукомамен біріншілік аурушаңдық көрсеткіші 2015 жылы жылда 100 мың тұрғынға шаққанда 44,6-дан 2020 жылы 163,4-і құрады, 6 жыл ішіндегі орташа жылдық өсу қарқыны 33,5 % болды (сурет 2).

6 жыл ішінде глаукоманы алғашқы анықтаудың өсуі байқалғаны айқын көрінеді, бұл тұрғындарға скринингтік тексерулер жүргізу кезінде ауруларды белсенді анықтай отырып, МСАК мекемелерін профилактикалық және динамикалық бақылаудың тиімділігінің артуымен түсіндірілуі мүмкін.

Ақтөбе облысында тұрғындар арасында глаукоманың жынысы бойынша таралуында айтарлық ерекшеліктер байқалады. 2015 жылы глаукоманың жалпы аурушаңдық көрсеткіші бойынша ерлер саны - 1020, ал әйелдер саны-1694 болса, бұл көрсеткіш 2020 жылы ерлер саны - 179, ал әйелдер саны – 2661 құрап отыр. Ақтөбе облысы мен қаласында глаукоманың таралуы ер адамдарға қарағанда әйел адамдар көп кездесетіні байқалып отыр. Бұл ең алдымен, осы елді мекендегі әйел адамдардың саны ер адамдарға қарағанда жоғары болуымен байланысты болып отыр. Соңғы мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2020 жылда Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақ-


тау ұйымдарының қызметінің жинақтарына сәйкес Ақтөбе облысындағы әйелдер саны 460 207, ал ерлер саны 434 126-ны құраған.

Соған сәйкес, Ақтөбе облысында глаукоманың біріншілік аурушандығы жалпы аурушандық көрсеткіші сияқты ерлерге қарағанда әйел адамдарда көптеп кездесетіні байқалып отыр. Ал біріншілік аурушандық бойынша 2015 жылы ерлер саны-191 болса, әйелдер саны-231, бұл көрсеткіш 2020 жылы ерлерде 2,7 есе, ал әйелдерде – 3,3 есеге артқан.

5 - суретте Ақтөбе облысының аудандарының разрезі бойынша медициналық мекемелерде глаукома ауруы бойынша динамикалық бақылауда есепте тұрған науқастар санын көруімізге болады. Атап айтқанда, Мұғалжар, Шалқар, Темір, Алға аудандарында динами-

калық бақылауда тұрған науқастар саны жоғары болып келеді, ал Ырғыз, Мәртөк, Ойыл, Хобды аудандарында бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен. Бұл жағдайды елді мекендердің орналасуы (геолокациясы), тұрғындардың офтальмолог-дәрігерлермен қамтамасыз етілмеуі, тексерісе қажетті заманауи медициналық құрылғылардың болмауы, тұрғындардың медициналық көмекке жүгінуінің төмен дәрежеде болуы, медициналық мекемелерде дәрігердің тапшылығы себебінен тиісті деңгейде динамикалық бақылау мен глаукоманы ерте анықтауға арналған скринингтің болмауымен түсіндіруге болады.


Талқылау. 2015-2020 зерттеу жылдары аралығында Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласында тұрғындар арасында глаукоманың тұрғындар арасында жылдан жыл-




Сурет 1 – 2015-2020 жж. Ақтөбе облысында глаукомамен біріншілік аурушандық тренді

Кесте 1 – 2015-2020 жж. Ақтөбе облысының барлық тұрғындарының глаукомамен біріншілік аурушандығы (абс. және 100 мың тұрғынға шаққанда)


Аудандар	Барлығы											
	Абс. сан						100 000 тұрғынға шаққанда					
	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Ақтөбе обл	422	443	520	649	1099	1284	72,8	75,9	88,7	110,2	185,8	216,3
Ақтөбе қ.	142	183	175	127	617	828	44,6	67,1	53,3	38	324	163,4
Әйтеке би	53	44	34	41	36	32	281,4	251,2	200,3	246,5	220	131,8
Алға	40	53	54	64	58	53	146,2	193,7	198,3	236,5	222,7	129,3
Байғанин	2	2	5	41	20	26	13,4	13,5	34,2	283,4	139,1	113,5
Ырғыз	3	20	22	9	8	7	31,5	211	234,4	96,6	86,3	46,9
Қарғалы	10	0	12	9	9	10	80	0	95,4	72,1	72,6	59
Мәртөк	12	9	16	22	16	16	53,3	40,2	71,9	99,9	73,1	53,7
Мұғалжар	83	32	79	152	151	131	185,8	71,6	178,2	345,6	345,7	194,7
Темір	35	29	19	25	27	20	141,9	117,6	77,5	102,8	111,3	52,8
Ойыл	10	7	17	19	18	28	81,2	56,6	138,7	156,5	149,3	151,3
Хобда	10	21	25	23	18	18	71,2	150,4	182,2	170,3	135,1	98,3
Хромтау	2	9	20	8	10	16	6,9	31,2	69,6	27,9	34,8	36,8
Шалқар	20	34	42	109	111	99	63,7	0	136,3	359,4	369,8	216,4
ҚР							103,7	124	127,2	133,4	132	120,9



Сурет 2 – 2015-2020 жж. Ақтөбе қаласында глаукомамен біріншілік аурушаңдық тренді



Сурет 3 – 2015-2020 жж. Ақтөбе облысында глаукоманың жынысы бойынша жалпы аурушаңдық көрсеткіші



Сурет 4 – 2015-2020 жж. Ақтөбе облысында глаукоманың жынысы бойынша біріншілік аурушаңдық көрсеткіші

ға таралуы өсіп және аталған патология еңбекке қабілетті жастар арасында артып келе жатыр.

Осылайша, біріншілік және жалпы аурушаңдық көрсеткіштерін талдау - көру жиілігінің көрсеткіштері қоғамдық денсаулық сақтауды ұйымдастырушылар, офтальмологтар үшін өте маңызды. Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласында соңғы жылдар бойы глаукомамен аурушаңдықтың жоғарғы көрсеткіштерінің болуы осы факторларға байланысты болу мүмкін: кадр мамандардың айтарлықтай тапшылығы (тұрғындарды офтальмолог-дәрігерлермен қамтамасыз ету 50% - дан аз), ауыл тұрғындары үшін мамандандырылған және жоғары мамандырылған қолжетімсіздігі. Бұл ішінара Ақтөбе облысында бірнеше жыл бойы глаукома бойынша бастапқы мүгедектіктің жоғары көрсеткіштерімен расталып отыр.


Л.Б.Таштитованың зерттеуі бойынша 2020 жылы Ақтөбе облысында глаукоманы ерте анықтау скринингіне 73744 науқас тексеруге жатқан, оның тек 66959 науқас тексеріске келіп, 147 науқасқа «глаукома» диагнозы қойылып, динамикалық бақылауға есепке тұрған [19]. Республикалық немесе облыстық жоғары технологиялық орталықтарды салу және жарақтандыру, тиісінше, жоғары жедел белсенділік созылмалы инфекциялық емес ауруларға (жүрек-қан тамырлары аурулары, глаукома және т.б.) байланысты мүгедектікті төмендету проблемасын түбегейлі шешілген жоқ. Қазіргі тағда, осыған байланысты глаукоманы ерте анықтау үшін сенімді скрининг мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек (жалпы тәжірибелік дәрігер, орталық аудандық аурухананың дәрігері және т.б.) деңгейінде глаукоманы ерте анықтау мақсатындағы скрининг (оптикалық когерентті томография, оптикалық диск немесе скрининг-периметрия) және қазіргі цифрлық коммуникациялық желі (телемедицина) дамыған кезде глаукоманың ерте сатыларының диагностикасын дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз етумен айтарлықтай жақсартуға болады. Сонымен қатар, глаукомамен ауыратын науқас-

тардың өмір сүру ұзақтығының, өмір сапасының және емденуді ұстанудың төмендігі және ҚР көптеген өңірлерінде офтальмолог кадр тапшылығы аралас терапиямен емдеуді бастауға қатысты кейбір жағдайларда жергілікті гипертензияға қарсы терапияны таңдаудың стандартты тактикасын қайта қарау қажеттілігін туындатады.

Әдеби шолуларда жыныс ерекшеліктеріне байланысты мынадай ақпараттар келтірілген: әйелдер көбінесе біріншілік жабық бұрышты глаукома мен макулярлық дегенерацияның кейбір түрлерінен зардап шегеді, ал біріншілік ашық бұрышты глаукома және диабеттік ретинопатия ерлер арасында жиі кездеседі [20]. Глаукома диагнозы қойылған науқастар арасындағы әйелдердің үлесі әлемде шамамен 59,1 % құрайды, бірақ әртүрлі жас топтарында ерлер мен әйелдердің арақатынасы біркелкі емес. Әйелдердің өмір сүру орташа ұзақтығы ерлерге қарағанда ұзағырақ екені белгілі. Сонымен қатар, жас ерекшеліктер глаукоманың дамуының негізгі қауіп факторы болып табылады [21]. Соңғы 20 жылда 60 жастан асқан әйелдерде ерлерге қарағанда глаукома ауруының максималды өсуі байқалып келеді. Сонымен қатар, статистикаға сәйкес, 40-60 жас тобында ерлерде глаукоманың үлесі 2 есе, ал әйелдерде 4 есе өсті; 18-39 жас тобында ерлерде — 1,5 есе, әйелдерде — 4 есе; 18 жасқа дейінгі топта екі жыныста да өзгеріссіз қалды [22].

Blue Mountain Eye зерттеуінде (1996) жас, кеш менархе, артериялық гипертензия және дене салмағының индексінің төмендеуіне (дене салмағының индексі) бейімделген әйелдерде біріншілік ашық бұрышты глаукоманың жоғары таралуын көрсетеді [23]. Фраммингем зерттеуінің (the Framingham Eye Study, 1977) мәліметтері бойынша, біріншілік ашық бұрышты глаукома ерлерде жиі кездеседі (2,5–1,4 %) [24].

Глаукоманың салыстырмалы түрде жоғары таралуын ескере отырып, тұрғындар арасында, әсіресе тұқым қуалайтын бейімділік, гипертонияның болуы және көзішілік қысымның жоғарылауы сияқты қауіп факторлары



Сурет 5 – 2015-2020 жж. Ақтөбе облысында глаукома ауруы бойынша динамикалық бақылауда тұрған науқастар

бар науқастарды уақтылы диагностикалау үшін скринингтік бағдарламаны жетілдіру қажет. Уақтылы диагноз қою глаукома ауруының жағымсыз әсерін азайтып, соқырлықтың дамуына жол бермейді.

Қорытынды: 2015-2020 жылдар аралығында Ақтөбе облысы мен қаласы бойынша глаукомамен байланысты аурушандық (біріншілік және жалпы) көрсеткіштері жылдан артып келе жатқаны байқалуда.

Қазіргі таңда емдеу әдістері көру жүйесінің глаукоматозды зақымдануын қалпына келтіре алмайды, дегенмен, ерте диагностика және емдеу аурудың дамуын болдырмауы мүмкін.

Тұрғындардың өсуі мен қартаюы жаһандық деңгейде глаукомамен байланысты аурудың алдын алу үшін

көптеген қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, диагностика мен емдеудегі қиындықтар созылмалы және қайтымсыз сипатпен қатар аурумен күресуде инновациялық тәсілдерді әзірлеуді және енгізуді талап етеді. Белгілі бір аумақтағы халықтың глаукомамен аурушандық деңгейін бағалауды медиана және тоқсандық диапазонмен ұсынылған ҚР бойынша көрсеткіштің орташа мәндерімен салыстырып жүргізген жөн.

Бұл бағалаулар скринингті жоспарлау, глаукоманы емдеу және тиісті денсаулық сақтау стратегиялары үшін маңызды. Бұл жұмыста алынған нәтижелер глаукоманың таралуының жоғарылауы халықтың жас көрсеткіштерінің өсуіне тікелей пропорционалды екенін растайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Stein JD, Khawaja AP, Weizer JS. Glaucoma in Adults-Screening, Diagnosis, and Management: A Review. *JAMA*. 2021 Jan 12;325(2):164-174. doi: 10.1001/jama.2020.21899. PMID: 33433580
- Kang, J. M., & Tanna, A. P. (2021). Glaucoma. *Medical Clinics of North America*, 105(3), 493–510. doi:10.1016/j.mcna.2021.01.004
- Капанова Г.Ж., Мукажанова А., Калмаханов С.Б. Анализ офтальмологической заболеваемости и обеспеченности врачебными кадрами населения Республики Казахстан за 2013-2016 гг. *International scientific and practical conference world science*. 2018; 3(5):74-76.
- Шарафутдинова Н.Х., Салахов Т.Э., Латыпов А.Б., Халфин Р.М., Шарафутдинов М.А. Анализ влияния возрастной структуры населения и укомплектованности врачебными кадрами поликлиник на уровень заболеваемости по основным классам болезней. *Журнал научных статей Здоровье и образование в XXI веке*. 2016; 18(2):459–463.
- Schuster AK, Erb C, Hoffmann EM, Dietlein T, Pfeiffer N. The Diagnosis and Treatment of Glaucoma. *Dtsch Arztebl Int*. 2020 Mar 27;117(13):225-234. doi: 10.3238/arztebl.2020.0225. PMID: 32343668; PMCID: PMC7196841.
- Torabi R, Harris A, Siesky B, Zukerman R, Oddone F, Mathew S, Januleviciene I, Vercellin ACV. Prevalence Rates and Risk Factors for Primary Open Angle Glaucoma in the Middle East. *J Ophthalmic Vis Res*. 2021 Oct 25;16(4):644-656. doi: 10.18502/jovr.v16i4.9755. PMID: 34840687; PMCID: PMC8593541.
- Zhang N, Wang J, Li Y, Jiang B. Prevalence of primary open angle glaucoma in the last 20 years: a meta-analysis and systematic review. *Sci Rep*. 2021 Jul 2;11(1):13762. doi: 10.1038/s41598-021-92971-w. PMID: 34215769; PMCID: PMC8253788.
- Allison K, Patel D, Alabi O. Epidemiology of Glaucoma: The Past, Present, and Predictions for the Future. *Cureus*. 2020 Nov 24;12(11):e11686. doi: 10.7759/cureus.11686. PMID: 33391921; PMCID: PMC7769798.
- Flaxman SR, Bourne RRA, Resnikoff S, Ackland P, Braithwaite T, Cicinelli MV, Das A, Jonas JB, Keeffe J, Kempner JH, Leasher J, Limburg H, Naidoo K, Pesudovs K, Silvester A, Stevens GA, Tahhan N, Wong TY, Taylor HR; Vision Loss Expert Group of the Global Burden of Disease Study. Global causes of blindness and distance vision impairment 1990-2020: a systematic review and meta-analysis. *Lancet Glob Health*. 2017 Dec;5(12):e1221-e1234. doi: 10.1016/S2214-109X(17)30393-5. Epub 2017 Oct 11. PMID: 29032195.
- Leske M.C. The epidemiology of POAG: a review. *Am J Epidemiol* 1983; 118:166–191.
- Mandal A.K. *The pediatric glaucomas*. London, Netland, 2006; 156 p.
- Thylefors B, Negrel A.D., Pararajasegaram R., Dadzie K.Y. Available data on blindness (update 1994). *Ophthalmic Epidemiology* 1995; 2:5–39.
- Tielsch J.M. The epidemiology of primary open-angle glaucoma. *Ophthalmol Clin N Am* 1991; 4:649–657.
- Tashtitova L., Kulmaganbetov M., Aldasheva N., Auezova A. PREVALENCE OF NORMAL-TENSION GLAUCOMA IN KAZAKHSTAN: RESULTS OF STATE SCREENING PROGRAM // *Вестник КазНМУ*. 2022. №1.
- Исламова С.Е. Медико-социальные аспекты и эффективность выявления глаукомы в Казахстане: Автореф. дис. канд. мед. наук. – Алматы, 2009. – 22 с.
- Ж.К. Бурибаева, В.Р. Абдуллина, М.Н. Буркитова Результаты скрининга глаукомы в Казахстане за 2011-2014 годы и направления его совершенствования // *Вестник КазНМУ*. - 2016. - №1.
- Aldasheva N., Tashtitova L., Kulmaganbetov M. Organizational issues of glaucoma diagnosis in Kazakhstan. // *Вестник КазНМУ*. – 2022. - №1. – С.553.
- Tashtitova L, Aldasheva N. Study of the Prevalence of Glaucoma in Kazakhstan. *Klin Monbl Augenheilkd*. 2022 Feb;239(2):202-207. English. doi: 10.1055/a-1327-3999. Epub 2021 Apr 14. PMID: 33853192.
- Таштитова Л.Б., Алдашева Н.А., Аuezова А.М. СКРИНИНГОВЫЕ ОБСЛЕДОВАНИЯ НА ГЛАУКОМУ В КАЗАХСТАНЕ // *Вестник КазНМУ*. - 2022. - №1. – С.554.
- Zetterberg M. Age-related eye disease and gender. *Maturitas*. 2016; 83: 19–26. doi:10.1016/j.maturitas.2015.10.005
- Quigley H.A., Broman A.T. The number of people with glaucoma worldwide in 2010 and 2020. *Br. J. Ophthalmol*. 2006; 90 (3): 262–67. doi:10.1136/bjo.2005.081224
- El Hoffy NM, Abdel Azim EA, Hathout RM, Fouly MA, Elkhesheh SA. Glaucoma: Management and Future Perspectives for Nanotechnology-Based Treatment Modalities. *Eur J Pharm Sci*. 2021 Mar 1;158:105648. doi: 10.1016/j.ejps.2020.105648. Epub 2020 Nov 21. PMID: 33227347.
- Mitchell P., Smith W., Attebo K., Healey P.R. Prevalence of open-angle glaucoma in Australia. *Ophthalmology*. 1996; 103 (10): 1661–9. doi:10.1016/s0161-6420(96)30449-1
- Kahn HA, Leibowitz HM, Ganley JP, Kini MM, Colton T, Nickerson RS, Dawber TR. The Framingham Eye Study. I. Outline and major prevalence findings. *Am J Epidemiol*. 1977 Jul;106(1):17-32. doi: 10.1093/oxfordjournals.aje.a112428. PMID: 879158.

REFERENCES

- Stein JD, Khawaja AP, Weizer JS. Glaucoma in Adults-Screening, Diagnosis, and Management: A Review. *JAMA*. 2021 Jan 12;325(2):164-174. doi: 10.1001/jama.2020.21899. PMID: 33433580
- Kang, J. M., & Tanna, A. P. (2021). Glaucoma. *Medical Clinics of North America*, 105(3), 493–510. doi:10.1016/j.mcna.2021.01.004
- Kapanova G.ZH., Mukazhanova A., Kalmahanov S.B. Analiz oftal'mologicheskoy zabollevaemosti i obespechennosti vrachebnymi kadrami naseleniya Respubliki Kazahstan za 2013-2016 gg. *International scientific and practical conference world science*. 2018; 3(5):74-76.
- SHarafutdinova N.H., Salahov T.E., Latypov A.B., Halfin R.M., SHarafutdinov M.A. Analiz vliyaniya vozrastnoy struktury naseleniya i ukomplektovannosti vrachebnymi kadrami poliklinik na uroven' zabollevaemosti po osnovnym klassam boleznej. *ZHurnal nauchnyh statej Zdorov'e i obrazovanie v XXI veke*. 2016; 18(2):459–463.

- 5 Schuster AK, Erb C, Hoffmann EM, Dietlein T, Pfeiffer N. The Diagnosis and Treatment of Glaucoma. *Dtsch Arztebl Int.* 2020 Mar 27;117(13):225-234. doi: 10.3238/arztebl.2020.0225. PMID: 32343668; PMCID: PMC7196841.
- 6 Torabi R, Harris A, Siesky B, Zukerman R, Oddone F, Mathew S, Januleviciene I, Vercellin ACV. Prevalence Rates and Risk Factors for Primary Open Angle Glaucoma in the Middle East. *J Ophthalmic Vis Res.* 2021 Oct 25;16(4):644-656. doi: 10.18502/jovr.v16i4.9755. PMID: 34840687; PMCID: PMC8593541.
- 7 Zhang N, Wang J, Li Y, Jiang B. Prevalence of primary open angle glaucoma in the last 20 years: a meta-analysis and systematic review. *Sci Rep.* 2021 Jul 2;11(1):13762. doi: 10.1038/s41598-021-92971-w. PMID: 34215769; PMCID: PMC8253788.
- 8 Allison K, Patel D, Alabi O. Epidemiology of Glaucoma: The Past, Present, and Predictions for the Future. *Cureus.* 2020 Nov 24;12(11):e11686. doi: 10.7759/cureus.11686. PMID: 33391921; PMCID: PMC7769798.
- 9 Flaxman SR, Bourne RRA, Resnikoff S, Ackland P, Braithwaite T, Cicinelli MV, Das A, Jonas JB, Keeffe J, Kempen JH, Leasher J, Limburg H, Naidoo K, Pesudovs K, Silvester A, Stevens GA, Tahhan N, Wong TY, Taylor HR; Vision Loss Expert Group of the Global Burden of Disease Study. Global causes of blindness and distance vision impairment 1990-2020: a systematic review and meta-analysis. *Lancet Glob Health.* 2017 Dec;5(12):e1221-e1234. doi: 10.1016/S2214-109X(17)30393-5. Epub 2017 Oct 11. PMID: 29032195.
- 10 Leske M.C. The epidemiology of POAG: a review. *Am J Epidemiol* 1983; 118:166–191.
- 11 Mandal A.K. The pediatric glaucomas. London, Netland, 2006; 156 p.
- 12 Thylefors B., Negrel A.D., Pararajasegaram R., Dadzie K.Y. Available data on blindness (update 1994). *Ophthalmic Epidemiology* 1995; 2:5–39.
- 13 Tielsch J.M. The epidemiology of primary open-angle glaucoma. *Ophthalmol Clin N Am* 1991; 4:649–657.
- 14 Tashtitova L., Kulmaganbetov M., Aldasheva N., Auezova A. PREVALENCE OF NORMAL-TENSION GLAUCOMA IN KAZAKHSTAN: RESULTS OF STATE SCREENING PROGRAM // *Vestnik KazNMU.* 2022. №1.
- 15 Islamova S.E. Mediko-social'nye aspekty i effektivnost' vyavleniya glaukomy v Kazahstane: Avtoref. dis. kand. med. nauk. – Almaty, 2009. – 22 s.
- 16 ZH.K. Buribaeva, V.R. Abdullina, M.N. Burkitova Rezultaty skrininga glaukomy v Kazahstane za 2011-2014 gody i napravleniya ego sovershenstvovaniya // *Vestnik KazNMU.* - 2016. - №1.
- 17 Aldasheva N., Tashtitova L., Kulmaganbetov M. Organizational issues of glaucoma diagnosis in Kazakhstan. // *Vestnik KazNMU.* – 2022. - №1. – S.553.
- 18 Tashtitova L, Aldasheva N. Study of the Prevalence of Glaucoma in Kazakhstan. *Klin Monbl Augenheilkd.* 2022 Feb;239(2):202-207. English. doi: 10.1055/a-1327-3999. Epub 2021 Apr 14. PMID: 33853192.
- 19 Tashtitova L.B., Aldasheva N.A., Auezova A.M. SKRININGOVYE OBSLEDOVANIYA NA GLAUKOMU V KAZAHSTANE // *Vestnik KazNMU.* - 2022. - №1. – S.554.
- 20 Zetterberg M. Age-related eye disease and gender. *Maturitas.* 2016; 83: 19–26. doi:10.1016/j.maturitas.2015.10.005
- 21 Quigley H.A., Broman A.T. The number of people with glaucoma worldwide in 2010 and 2020. *Br. J. Ophthalmol.* 2006; 90 (3): 262–67. doi:10.1136/bjo.2005.081224
- 22 El HOFFY NM, Abdel Azim EA, Hathout RM, Fouly MA, Elkheshen SA. Glaucoma: Management and Future Perspectives for Nanotechnology-Based Treatment Modalities. *Eur J Pharm Sci.* 2021 Mar 1;158:105648. doi: 10.1016/j.ejps.2020.105648. Epub 2020 Nov 21. PMID: 33227347.
- 23 Mitchell P., Smith W., Attebo K., Healey P.R. Prevalence of open-angle glaucoma in Australia. *Ophthalmology.* 1996; 103 (10): 1661–9. doi:10.1016/s0161-6420(96)30449-1
- 24 Kahn HA, Leibowitz HM, Ganley JP, Kini MM, Colton T, Nickerson RS, Dawber TR. The Framingham Eye Study. I. Outline and major prevalence findings. *Am J Epidemiol.* 1977 Jul;106(1):17-32. doi: 10.1093/oxfordjournals.aje.a112428. PMID: 879158.

Вклад авторов. Все авторы принимали равносильное участие при написании данной статьи.

Конфликт интересов – не заявлен.

Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами. При проведении данной работы не было финансирования сторонними организациями и медицинскими представительствами. Финансирование – не проводилось.

Авторлардың үлесі. Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты.

Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ.

Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдар мен медициналық екілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру жүргізілмеді.

Authors' Contributions. All authors participated equally in the writing of this article.

No conflicts of interest have been declared.

This material has not been previously submitted for publication in other publications and is not under consideration by other publishers. There was no third-party funding or medical representation in the conduct of this work. Funding - no funding was provided.

Сведения об авторах:

Таушанова Майя Карибаевна – преподаватель кафедры общественного здоровья и здравоохранения, докторант 3-го года обучения, по специальности D139 «Общественное здравоохранение», НАО «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова», Ақтобе, Казахстан orcid.org/0000-0002-0165-9312, почта: maiona_93@mail.ru.

Ермуханова Людмила Сергеевна – к.м.н., ассоц. профессор, руководитель кафедры «Общественное здоровье и здравоохранение», orcid.org/0000-0001-7703-9649, почта: aleka_2807@mail.ru.

Байсугурова Венера Юрьевна – PhD, доцент кафедры «Биостатистика и основы научного исследования», НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», orcid.org/0000-0003-0182-7598, почта: vbaisugurova@mail.ru.

Тажбенова Сауле Тажединовна – PhD, доцент кафедры «Общественное здоровье и здравоохранение», orcid.org/0000-0002-4073-0070, почта: t.saule.t@mail.ru.

Абдикадинова Индира Темирхановна – PhD, доцент кафедры «Общественное здоровье и здравоохранение», orcid.org/0000-0003-2762-684X, почта: a.indira.t@mail.ru.

Алекенова Нургуль Умирбековна – PhD, руководитель ДАР, orcid.org/0000-0001-5751-1678, почта: knurgul7@mail.ru.

Турдалина Кунзира Букейхановна – старший преподаватель кафедры общественного здоровья и здравоохранения, магистр медицинских наук. orcid.org/0000-0002-1665-2578, почта: turdalina92@mail.ru.

Петухова Марина Борисовна – врач офтальмолог высшей категории. Центр амбулаторной офтальмологии и микрохирургии глаза. г.Ақтобе. Республика Казахстан. Почта: marina_03_07@bk.ru.